

Бекітемін
Директордың ОІЖ
А.М.Сагидуллина

Келісемін:
ПЦК төрағасы
Косбаева К.К.

Сабақ тақырыбы	Қазақ мемлекеттілігінің даму жолдары туралы ұлттық зиялылардың қоғамдық-саяси көзқарастары	
Модуль /пән атауы	Жалпы білім беретін пәндер / Қазақстан тарихы	
Дайындаған педагог	Утегенова Набира Акылбековна	
Күні	06.04.22	
Курс, топ	1аКІІІМ	
Сабақ типі	Жаңа білімді меңгерту сабағы	
Мақсаты:	1.Қазақ мемлекеттілігінің даму жолдары туралы мағлұмат беру; 2 Ұлт зиялыларының қоғамдық-саяси көзқарастарын талдау үшін «саяси жүйе», «кеңестік кезең» ұғымдарын пайдалану; 3.Өз ойларын ашық, еркін айтуға үйрету.	
Оқу-жаттығу процесінде білім алушылар меңгеретін күтілетін нәтижелер және кәсіби дағдылар тізбесі	1. Қазақ мемлекеттілігінің даму жолдары туралы ұлттық зиялыларының қоғамдық-саяси көзқарастарымен танысады; 2. Топпен жұмыс істеу арқылы ,өз ойларын ашық айтып үйренеді; 3. Қазақ мемлекеттілігінің даму жолдары туралы тарихи тұрғыда өз ой –пікірлері қалыптасады; 4. Топта бірлесіп оқиды; 5.Берілген тапсырмаларды өз дәрежесінде орындайды	
Қажетті ресурстар	Интерактивті такта,үлестірмелі материалдар,тірек-сызбалар Қазақстан картасы	
Сабақ кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет I Ұйымдастыру кезеңі II.Жаңа сабаққа кіріспе III.Жаңа сабақты талқылау IV Қорытынды	Ресурстар

	Алаш қозғалысының қалыптасуы халықтың мыңдаған жылдық мемлекеттілігінің дәстүрін жаңғырту үшін күрес жолындағы ең маңызды кезең еді. Қазақ қоғамының көзі ашық, көкірегі ояу ұлтжанды азаматтары ұлттық идея төңірегінде топтасты. Алайда тарих тәлкегімен XX ғасырдың 30-жылдарынан 80-жылдардың аяғына дейін Алаш қозғалысы ғылыми тұрғыдан зерттелмей ұмыт қала берді, жарық көрген жарияланымдарда «ұлтшыл-буржуазияшыл» ретінде бағаланды. Алаш зиялылары Ресей империясының алдыңғы қатарлы оқу орындарында білім алған парасатты азаматтар еді. Бұл жағдай Алаш жетекшілерінің идеологиялық және жеке тұрғыдан тұлға ретінде қалыптасуында зор рөл атқарды. Ресей губернияларында оқып және жұмыс істеп жүрген кезде олар саяси күресте тәжірибе жинақтап, алғашында бірқатар партиялар (эсер, кадет т.б.) қатарына қосылды. Алаш зиялылары қазақ дәстүрі негізінде Батыс Еуропа демократиясы тәжірибесін пайдаланып, болашақта ұлттық мемлекет құру идеясын ту етіп көтерді. I Бүкілқазақ съезінің 1917 жылы 21-26 шілдеде өткендігі және осы съездің шешімі бойынша «Алаш» партиясының құрылғандығын түсіндіреді. Сонымен қатар «Қазақ» газетінің XX ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси және әдеби-мәдени басылым болғандығына мән береді. «Алаш идеясы» – қазақтың мемлекеттік, елдің ұлттық идеясы. Өйткені Алаш - халқымызды бесігінде тербетіп, есейіп ат жалын тартып мінгенде бойына күш-қуат және сенім берген ұлттық идея. Алаш - ұлттың өзін бөлінбес тұтас жер, яғни территория ретінде сезінуі.	Слайд Алаш қайраткерлері 			
Сабақ бойынша рефлексия					
	1-тапсырма. Бейнематериалды тыңдап, сұрақтарға жауап беру. Сұрақтар: 1. Алаш партиясы қашан және қайда құрылды? 2. Алаш партиясының облыстардағы ошақтары және оның көшбасшылары туралы не білесіңдер? 3. Алаш партиясының жетекшілерінің атаңдар 4. Алаш партиясының II съезінің мақсаты неде? 5. Алаш партиясының Орынбордағы жетекшілері кімдер? 6. Түрістан автономиясын құру идеясының мәні қандай? Дескриптор: - і Алаш партиясының құрылған уақытын, құрылу үрдісін біледі. - і Алаш партиясына мүше болған саяси қайраткерлерді атайды. - і Қазақ зиялылардың саяси көзқарастары, ұстанымдарын түсіндіреді. - і Алаш партиясы мен Алашорда үкіметі айналысқан істерді атайды. Дереккөзімен жұмыс. 1.«Алаш» партиясының бағдарламасын талдап мақсаты мен міндетін анықтап, жазылған кестені толықтыру. 2. Салыстыру нәтижесі бойынша қорытынды ой-түйін жазу (қосымша 1.) <table border="1" data-bbox="464 1861 1096 2054"> <tr> <td data-bbox="464 1861 713 2054">Алаш партиясының ерекшеліктері, негізгі ұстанымдары</td><td data-bbox="713 1861 868 2054">Ортақ белгілері</td><td data-bbox="868 1861 1096 2054">Өзге партиялар (Үш жүз партиясы)</td></tr> </table>	Алаш партиясының ерекшеліктері, негізгі ұстанымдары	Ортақ белгілері	Өзге партиялар (Үш жүз партиясы)	
Алаш партиясының ерекшеліктері, негізгі ұстанымдары	Ортақ белгілері	Өзге партиялар (Үш жүз партиясы)			

	Қорытынды ой:				
Үй тапсырмасы					
	Қазақ мемлекеттілігінің даму жолдары туралы ұлттық зиялылардың қоғамдық-саяси көзқарастары лекция Қазақ зиялыларының саяси ой көзқарастарына ой толғау				